

## "Авиаөнеркәсіп" жабық акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 қараша N 1542

Республикада авиация өнеркәсібін ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен "Авиаөнеркәсіп" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні:

авиация техникасын өндіруді, жөндеуді және техникалық қызмет көрсетілуін ұйымдастыру;

әзірлеушінің бюллетенідері бойынша әуе кемелерін жетілдіруді және қайта жабдықталуын орындау;

авиация өнеркәсібі үшін кадрлар даярлауға қатысу;

авиация өнеркәсібінің ақпараттық-кітапханалық орталықтарын құру және дамыту болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті заңнамамен белгіленген тәртіппен:

Қоғамның жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындастын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қоғамның жарғылық қорын қалыптастыру үшін 77500 (жетпіс жеті мың бес жүз) теңге бөлінсін. Z000131\_

5. Алматы қаласының әкіміне Қоғамды орналастыру үшін үй-жай бөлу мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысадың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 Р990405\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-күжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері коммуналдық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серікtestіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-57- жолмен толықтырылсын:

"123-57. "Авиаөнеркәсіп" ЖАҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 Р990659\_ қаулысына:

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де

мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысадының мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 237-1-жолмен толықтырылсын:

"237-1 "Авиаөнеркәсіп" ЖАҚ";

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.